„№14 негізгі орта білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Директор жанындағы кеңес

# хаттама №1.

09.09.2022ж Қатысқаны - 25

## Күн тәртібінде:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың „Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам". атты 2022 жылы 1 қыркүйек күнгі Қазақстан халқына жолдауы туралы, баяндамашы - мектеп директоры М. Кыдырбаева

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры М. Кыдырбаева баяндама жасады. Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына кезекті жолдауы туралы айтты. Президент жолдауы - мемлекетіміз үшін маңызы зор құжат. Жолдауды жүзеге асыру өзіміздің алдымызда тұрған ұлымыңда жетелейтін міндет.

1 қыркүйек „Білім күнімен" қатар келген Жолдауында Мемлекет басшысы экономикалық даму, мемлекеттік басқару ісін жаңғырту, өнеркәсіпті күшейту, білім және ғылым, мәдениет, бизнес салаларына айқын тоқталды.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы халыққа жолдауында бірқатар мәселе көтеріп, үкіметке тиісті тапсырма берілгендігін, баяндамасы қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған Жолдаудың маңыздылығын атап өтіп, ондағы реформалардың бағдарларына тоқталды.

Бірінші бағдар. Жаңа экономикалық саясат.

Біздің экономикамызда көптеген күрделі мәселелер бар екендігі, әлі де шикізатқа тәуелді екендігіміз, еңбек өнімділігі төмен, инновацияның жеткіліксіз, ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі көріп отырған жоқ екендігі жайлы, оның шешу жолдары жайлы айтылды. Атап айтсақ, бұл – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру, шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру, тың тәсілдер қажет екені айтылды.

Екінші бағдар. Нақты секторды дамыту.

Ең алдымен, жер қойнауын игеру ісіне инвестиция тарту үшін заңнаманы және рәсімдерді барынша жеңілдету, геологиялық ақпарат туралы бірыңғай мәліметтер банкін құру жұмысын аяқтау, үкіметке индустрия және жер қойнауын игеру саласының инвестицияның тартымдылығын арттыру

Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция.

Еліміздің басты құндылығы – адам. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және барлығына бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек.

Төртінші бағдар. Мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту.

Экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпіліс қажет. Саяси қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттыра отырып, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыруға баса назар аудару керек. Үкіметтің кейбір құзыреттерін министрліктерге берген жөн.

Әлемдегі ең үздік инвестициялық және өндірістік компанияларды үлгі ретінде алу керек. Мемлекеттік активтерді басқару ісі барынша ашық болуға тиіс. Үкімет жыл сайын Ұлттық баяндама әзірлеуді қамтамасыз етеді же оны Парламентке жолдайды

Бесінші бағдар. Заң және тәртіп.

Сот жүйесін реформалау, құқық қорғау органдарын реформалау.

„Қасіретті қаңтар" оқиғасы тәртіп сақшы-

лары үшін маңыз сынақ болды. Ол кезде арандатушылардың кесірінен шерулер жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Оның ақыры мемлекетке қарсы бүлік шығаруға әкеп соқтырды. Жұрттың арандатушылардың көбі шартты немесе жеңіл жазамен құтылып кетті. Шын мәнінде, олардың кінәсі әлдеқайда ауыр. Өйткені, жағдайды қасақана ушықтырды. Соның салдарынан іс насырға шауып, қайғылы оқиғалар болды.

„Саяси плюрализмге ашықпыз, экстремизмнен, қарақшылық пен бұзақылықтан қашықпыз" деген ортақ қағиданы бүкіл қоғам есіне алып, қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, мемлекеттің түғырын шайқаудан аулақ болып, ел бірлігін сақтау керек екендігін жеткізді.

Саяси реформалар „Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет" формуламен жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұжырым – қоғамымыздың мызғымас тұғыры. Реформалардың мазмұны жан-жақты толыға түспек. Жалпыұлттық ынтымақты және билік пен қоғамның серіктестігін нығайта береміз.

„Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, енді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті

Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы.
Біздің алдымызда айрықша міндет тұр.
Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу.
Елімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық.
Әділетті Қазақстанды құру ісі енді ғана басталды. Алдағы жолдың қиындығы көп.
Бұл бағдарымыз ешқашан өзгермейді, ішкі және сыртқы ахуал қандай болса да жалғаса береді. Қол қусырып отыратындар мен қасақана кедергі жасайтындарға орын жоқ.
Біз жолымыздан айнымаймыз!
Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!
Қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік, ағайын!" – деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев – деп баяндамашы сөзін аяқтады.
Жиналыс барысында жарыссөзге шығып сөз алған бірнеше ұстаздар бастауыш сынып мұғалімі, З. Утепова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Г. Камарова, педагог-психолог А. Әбдіғаппаровтар сөз алып, жолдаудағы игі мақсаттарды зор ықыласпен қабылдағандарын айтып, өздерінің ой-пікірлерін жеткізді.
Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауы – заманға сай тарихи өрлеу

дәуіріне бастайтын барша қазақстандық-тарды ортақ мақсат жолында жұмылдыра-тын, әрбір азаматты нақты іс-әрекетпен өсуге жетелейтін, біртұтас ұлт болу қада-мымызды айқындайтын өте маңызды құжат. Оны жүзеге асыру әрқайсысымызға зор жа-уапкершілік жүктейді. Оны абыроймен атқару баршамыздың міндетіміз. Жоғарыда айтылғандарды талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді.

Қаулы:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың „Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Жолдауы мен саясатын қолдап, Жолдауда көрсетілген мәселелерді шешуде, мемлекетіміздің одан әрі дамуында, Жолдаудың жоғары үшін қастерлі құндылығымыз Тәуелсіздігіміздің Мәңгілік болуы үшін жасалып отырғанын насихаттау жұмыстары әрі қарай жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы: [signature] Н. Кидирбаева

Хатшысы: [signature] Ж. Байтенирова

«№14 негізгі орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Директор жанындағы кеңес

# Хаттама №2

05.10.2022ж. Қатысқаны - 25

## Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығына сәйкес білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) сынақтары алдында жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары туралы
(МДОІЖЖО, Н. Конкаков)
2. Халықаралық TIMSS, PISA зерттеулері бойынша дайындық жұмыстары
(МДОІЖЖО, Н. Конкаков)

## Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша МДОІЖЖО Н. Конкаков баяндама жасады. ББЖМ сынақтарына 9-сыныптан 14 оқушы, 4-сыныптардан 31 оқушы қатысатынын хабарлады. Жыл басынан бері жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары барысымен таныстырып өтті.

Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында ББЖМ білім беру ұйымдарынан тәуелсіз, оқыту саласын жүйелі бақылау, бастауыш және негізгі білім берудің мемлекеттік

толтыға міндетті стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

ҰБТжМ әдістемелік көмек көрсету және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлей отырып, дайындықпен өткізуді, тестілеу нәтижелерін өңдеу және жүйелі талдауды қамтиды.

9-сынып жетекшісі Джаланов Жасұлан мен 4-сыныптардың жетекшілері Мадибекова Айнұр, Мықтыбаева Ақерке апайлар оқушылардан алынып жатқан тест нәтижелерімен таныстырды. Қазақ тілі пәні мұғалімі Г. Камарова, орыс тілі пәні мұғалімдері Г. Таубаева, С. Муратбаева, ағылшын тілі пәні мұғалімі Ж. Орабіл, география пәні мұғалімі Т. Мадибеков, химия-биология пәні мұғалімі М. Жиенбаевалар оқушылармен жүргізіліп жатқан қосымша жұмыстары мен тест нәтижелері жайында, төмен балл жинап жатқан оқушылармен жүргізіліп жатқан қосымша жұмыстарымен таныстырды.

Келесі мәселе бойынша МДОТЖЖО Н. Конкапов өз сөзінде мұғалімдерге еліміздегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға зор мүмкіндіктер бар. Функционалдық сауаттылық – бұл, білім мен адамның көпжоспарлы іс-әрекеті арасындағы біріккен, жеке тұлғалық қалыптасуының көрсеткіші. Өсіп келе жатқан ұрпақтарының ой-өрісін дамыту мақсатын алға қойған Қазақстан 30 дамыған елдердің қатарына

қосымшақ. Осы тұста, оқушылардың білім сапасына ауқымды бағалау мен талдау жүргізетін халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысу нәтижелерін негізге ала отырып қарастырылған. Бұл жерде оқушылардың халықаралық салыстырмалы мағлұмат алу мақсатында математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын TIMSS қарастырады. PISA халықаралық зерттеуі 15 жастағы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалайтын Адам дамуының индексі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл зерттеу оқушылардың білімдерін 3 бағытта (математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы) бағалайды деді.

## Қаулы:

1. ББЖМ сынақтарынан төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен қосымша сабақтарды көбірек жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін
2. Халықаралық TIMSS, PISA зерттеулері бойынша дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: [signature] М. Кыдырбаева

Хатшысы: [signature] Ж. Байтемирова

„№14 негізгі орта білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Директор жанындағы кеңес

# Хаттама №3

27.10. 22ж

Қатысқаны - 28

## Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) сынақтары алдында жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары туралы (МДОТЖЖО, Н. Конкаков)

2. Әр түрлі мәселелер

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша МДОТЖЖО Н. Конкаков баяндама жасады. Ол өз сөзінде білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) сынақтары алдында жыл басынан жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары барысымен таныстырып өтті. Оқушылардың білімдерін жетілдіріп, оқу сапасын арттыру үшін оқушылардан тест жұмыстары алынып, талдау жасалып, түзету жұмыстары жүргізіліп жатқаны жайлы айтты.

ББЖМ 4-сыныптарда кешенді тестілеу нысанында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдана отырып, оқыту тілінде функционалдық сауаттылықтың

үш бағыты: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша жүргізіледі.

ББЖМ 9-сыныптарда кешенді тестілеу нысанында АКТ-ны қолдана отырып, функционалдық сауаттылықтың үш бағыты: математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, оқу сауаттылығы (орыс, қазақ, ағылшын тілдеріндегі мәтіндер) бойынша жүргізіледі.

Жиналыс барысында жарыссөзге шығып сөз кезегін алып 4 «Ә» сыныбының жетекшісі А. Мадибекова оқушылардан алынған 3 тест нәтижесімен таныстырды. Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндері бойынша №1, 2 нәтижесі бойынша 2 оқушы төмен көрсеткіш көрсеткенін, №3 тест нәтижесінде 1 оқушы төмен көрсеткіш көрсеткені жайлы айтып өтті. №1 тест нәтижесі бойынша сыныптың білім сапасы қазақ тілі пәнінен – 55%, әдебиеттік оқу пәнінен – 50%, №2 тест нәтижесі бойынша сыныптың білім сапасы қазақ тілі пәнінен – 45%, әдебиеттік оқу пәнінен – 45%, №3 тест нәтижесі бойынша сыныптың білім сапасы қазақ тілі пәнінен – 60%, әдебиеттік оқу пәнінен – 60% көрсеткіш көрсеткенін айтып, алдағы уақытта төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен қосымша сабақтар өту керектігін айтып, сөзін аяқтады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г. Қамарова сөзге шықты. Ол сөзінде 9-сынып оқушыларынан алынған 3 тест нәтижелерінің қорытындылары жайлы айтып өтті. Қазақ тілі пәні бойынша оқушылармен жүргізіліп жатқан қосымша жұмыстары барысымен таныстырды. Оқушылардан алынып жатқан тест нәтижелері жайында, төмен бал жинап жатқан оқушылармен жүргізіліп жатқан қосымша жұмыстарын айтты. №1, 2 тест нәтижесі бойынша 2 оқушы төмен көрсеткіш көрсетіп, №1 тест нәтижесі бойынша сыныптың білім сапасы оқу сауаттылығынан 50%, №2 тест нәтижесі бойынша оқу сауаттылығынан 57% көрсеткіш көрсеткенін, №3 тест нәтижесі бойынша 1 бала төмен көрсеткіш көрсетіп, сыныптың оқу сауаттылығынан 57% көрсеткіш көрсеткені жайында айтып, алдағы уақытта төмен көрсеткіш көрсетіп жатқан оқушылармен қосымша сабақтарды жеке өтетіндігін айтып өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша, МДТЖО Н. Абдуалиев сөз кезегін алды. Ол сынып жетекшілеріне ата-аналар жиналысын ұйымдастыруды тапсырды. Барлық сынып ата-аналарына, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері мен оларды алмастыратын адамдарға, оқалы көпшілікке түсіндіру жұмыстарын

жүргізетінін айтты. Жарыссөзге сынып жетекшілерден 3-сынып жетекшісі З. Утепова, 5 "Ә" сынып жетекшісі Т. Мадибеков, 6-сынып жетекшісі М. Жиенбаева өз ойларын айтып, орта,ға салды. Жоғарыда айтылғандарды тыңдап талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді.

## Қаулы:

1. ББЖМ сынақтарынан төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен қосымша сабақтарды көбірек жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін;
2. Оқушылардың оқу үлгерімін және қосымша сабақтарға уақтылы қатысып отыруын қадағалау сынып жетекшілеріне тапсырылсын;
3. Кезектен тыс педагогикалық кеңестің және ата-аналар жиналысының хаттамаларын тапсыру сынып жетекшілеріне тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы: М. Кыдырбаева

Хатшысы: Ж. Байтемирова

„ №4 негізгі орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Директор жанындағы кеңес

## Хаттама №4

26. 11. 2022 ж

Қатысқаны - 30

## Күн тәртібінде:

1. Пән апталықтарының ( орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі) өтілуі жайлы.

   МДОТЖЖО, Н. Конкаков

2. Білім алушылардың білім жетістіктерін (БЖМ) алдындағы психологиялық дайындық жұмыстарын жүргізу туралы баяндамасы мектеп психологі А. Әдігаппаров.

3. II тоқсандағы „Online Mektep" электронды журналының жүргізілуі туралы

   МДОТЖЖО, Н. Конкаков

4. Әр түрлі мәселелер.

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Конкаков баяндама жасады. Баяндамасы мектепте ағымдағы оқу жылында өткізілген орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәні апталығының қорытындысымен таныстырды. Апталық ашылғанының жоспарлануы 2022-2023 оқу жылында орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәні апталығы 22-27 қараша аралығында пән мұғалімдері С. Муратбаева, Г. Таубаева, ағылшын тілі пәні мұғалімдері Ж. Оралбек, С. Үсеровтың ұйымдастыруымен жүргізілді. Пән мұғалімде

нің отырысы болып, апталықта жүргізілетін іс-шаралар жоспарланды. Жоспар уақтылы дайындалып, бекітілгені, жоспар кең көлемді, талапқа сай құрылғаны, апталық өз дәрежесінде өткізілгені, білім алушылардың аталған іс-шараларға белсене қатысып, марапатталғаны жайлы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологі А. Әбдіғаппаров баяндама жасады. Ол ББЖМ сынақтарының алдында психологиялық дайындау жұмыстарының жүргізілуі туралы айтты. 9-сынып оқушыларының ББЖМ сынақтары алдындағы қобалжудың алдын алу, психологиялық көңіл күйін тұрақтандыру және өзіне-өзі қол салу жағдайларын болдырмау мақсатында жүргізілетін психологиялық қызмет жоспарымен таныстырды. ББЖМ сынақтары алдындағы және өткізу кезеңіндегі психологиялық дайындық жұмыстарының арнайы іс-шаралар бағдарламасы жасалынып, бекітілгенін хабарлады. 9-сынып оқушыларына білім беретін пән мұғалімдері мен сынып жетекшісінен жеке психологиялық ерекшелігі мен кәсіби мәдениеттілік деңгейін зерттеу мақсатында тесттер алынатынын айтты. ББЖМ сынақтары алдында оқушылардың психологиялық ерекшеліктері жөнінде пән мұғалімдері, мектеп әкімшілігі, ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарының жүргізілетінін айтты.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Қоңқаков „Online Mektep" электронды журналының уақтылы және сапалы толтырылғаны туралы айтты. Электронды сынып журналының уақтылы және сапалы толтырылуын әр аптаның соңында тексеріп, апталық статистика жүргізіп, оны мұғалімдер назарына ұсынып отыратынын ескертті.

Әр түрлі мәселе бойынша мектеп директоры М. Қыдырбаева сөзге шықты. Ол өз сөзінде бастауыш сынып мұғалімі Г. Абдумажитованың 28 қарашада 2-сыныпта қазақ тілі пәнінен „Сұраулы сөйлем" тақырыбында өткен сабағына қатысқаны жайлы айтты. Ол мұғалімнің сабақ өту барысында оқу мақсаты мен сабағында қолданған әдіс-тәсілдерді оқушының жас ерекшелігіне сай алынғандығын, әр тапсырмадан кейін дер кезінде оқушыларға кері байланыс беріп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра білгені жайлы айтып өтті. Оқушылар сабаққа белсене қатысты, мұғалім сабақты жақсы ұйымдастырған, мұғалім сабақ мақсатына жетті, бірақ уақытты тиімді пайдалана алмады, келесі сабақтарында уақытты тиімді пайдаланып, АКТ ресурстарын көбірек қолдануы керек деген ұсыныс жасағаны жайлы айтты.

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді.

Қаулы:

1. Орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі апталығының қорытындысы „өте жақсы" деп танылсын.

2. ББЖМ сынақтары алдында 9-сынып оқушыларына психологиялық көмекті жандандыру мектеп психологі А. Әбдіғаппаровқа тапсырылсын.

3. „Мектебіздегі „Online Mektep" порталындағы электронды журналдың уақытылы және сапалы толтырылуын қамтамасыз ету және қадағалау, сондай-ақ электронды журналдың сапалы, сапалы, сауатты толтырылуын бақылау мақсатында апта сайын „Online Mektep" порталынан статистика алып, оны мұғалімдердің назарына ұсыну МДОТЖЖО, Н. Қонқаковқа жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: М. Қыдырбаева

Хатшысы: Ж. Бәйтемірова

"№14 негізгі орта білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Директор жанындағы кеңес

# Хаттама №5

19.12.2022 ж. Қатысқаны - 30

## Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) сынақтары алдында жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары туралы МДОТЖЖО, Н. Конкаков

2. Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралардың өткізілгені туралы МДТЖЖО, Ж. Абдуалиев

3. Әр түрлі мәселелер

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша МДОТЖЖО, Н. Конкаков баяндама жасады. Ол жыл басынан бері жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстары барысымен таныстырып өтті. Оқушылардың білімдерін жетілдіріп, оқу сапасын арттыру үшін оқушылардан айына екі рет тест жұмыстары алынып, талдау жасап, түзету жұмыстары жүргізіліп жатқанын жайлы айтты.

Жиналыс барысында жарыссөзге шыққан 4[а]-сыныбының жетекшісі А. Мықтыбаева оқушыларынан алынған тест нәтижелерімен бөлісті. Ол математика пәні бойынша

№1, 2, 3 тест нәтижесі бойынша 2 баға төмен көрсеткіш көрсетсе, №4, 5 тест нәтижесі бойынша 1 баға төмен көрсеткіш көрсеткенін айтып, төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен арнайы (бөлек) қосымша сабақ өтіп жатқанын айтып сөзін аяқтады.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Ж. Орабин сөзге шықты. Ол 9-сынып оқушыларынан осы уақытқа дейін алынып жатқан тест нәтижелерінің қорытындылары жайлы айтып өтті. Ағылшын тілі пәні бойынша оқушылармен жүргізіліп жатқан қосымша жұмыстары барысымен таныстырды. Оқушылардан алынып жатқан тест нәтижелері бойынша, төмен баға жинап жатқан оқушылармен жеке қосымша сабақ өтіп жатқаны жайлы айтты.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасары Ж. Абдуалиев „Тәуелсіздік биік баспен тұғырың" деген тақырыпта баяндама жасады. Мектебізде „Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 08. 12. 2022 жылғы №1250 санды шығыс хатына сәйкес 2022 жылы желтоқсан айының 12-15 күндері аралығында „16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні" мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарының уақтылы түзіліп бекітілгені, мерекелік атмосфераны қалыптастыру мақсатында

мектеп дәліздері мен сыныптардың безендірілгені, тәлімгер мен сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында патриоттық әндер байқауы, ашық сабақтар мен тәрбие сағаттары, танымдық кештер мен көрмелер, мектеп ауласында флешмобтар, „Мен өз елімді мақтан тұтамын" тақырыбында шығарма жазу сайысы, мектеп мұғалімдері мен оқушылар „Тәуелсіздік – тірегім" тақырыбында челлендж түсіріп, әлеуметтік желілер арқылы №15 Т. Бигелдинов мектебіне жолдауы, сонымен қатар оқушыларды „Жас Ұлан", „Жас қыран" ұйымына қабылдау рәсімінің өткізілгені, атқарылған жұмыстар туралы мәліметті тәрбие әдіскері Kairzhan_81@bk.ru электронды почтасына уақтылы жолдап отырғаны жайлы, аталған іс-шараны ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізілуіне ат салысып белсенділік танытқаны үшін мектеп әкімшілігіне өз алғысын білдіретіндігін айтып, өз сөзін аяқтады баяндамашы.

Әр түрлі мәселелер бойынша мектеп директоры М. Кадырбаева баяндама жасады. Ол оқушылардан өз уақытында БЖБ, ТЖБ жұмыстары алынып, алған жұмыстарды тексеріп бағаларын уақытында электронды

журналға қоюды, уақтылы тоқсандық қорытуды керектігін, аталған жұмыстардың уақтылы орындалуын мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Қонқаков бақылауға алатындығы, „Online Mektep" электронды журналының уақтылы әрі сапалы толтырылуын қадағалау туралы, алдағы Жаңа жылдың іс-шара жоспары уақтылы түзіліп, бекітілуі, іс-шаралардың ұйымдастырылып өткізілуіне мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Абдуалиев жауапты екенін айтып өтті.

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді.

Қаулы:

1. ББЖМ сынақтарынан төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен қосымша сабақтарды көбірек жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін;

2. ББЖМ сынақтары алдында ақылы тест кітапшалары міндетті түрде ата-аналардың рұқсатымен, келісімімен алынсын, тек ақылы тест кітапшаларымен шектеліп қалмай, интернеттен тест материалдарын тауып оқушыларды дайындау пән мұғалімдеріне жүктелсін;

3. II тоқсандағы қорытынды мен тоқсандық жиынтық бағалауларды электронды журналға кешіктірмей енгізу әрбір пән мұғалімдеріне тапсырылсын;

4. Жаңа жылдың шырша мерекесі „Жаңа жыл" тақырыбында ұйымдастырылсын;

5. Жаңа жылдың шырша мерекесі барысында білім алушылардың мектеп ғимаратына адам өміріне қауіпті жарылғыш, үшкір, тез тұтынатын заттар алып келмеуі туралы оқушылар, ата-аналар немесе заңды өкілдері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;

6. Жаңа жылдың шырша мерекесі барысында мектеп ғимаратына мектеп ауласына бөтен тұлғалардың кіруіне тыйым салу мақсатында күшейтілген кезекшілік ұйымдастырылсын;

7. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 2022 жылдың 27-29 желтоқсан күндері шағынаудандарда профилактикалық іс-шаралар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы [signature] М. Қыдырбаева

Хатшы [signature] Ж. Бабтемирова

„№14 негізгі орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Директор жанындағы кеңес

# Хаттама №6

20.01.2023ж. Қатысқаны - 29

## Күн тәртібінде:

1. Бала тәрбиесі мен оның өміріне жауапкершілікті арттыру туралы, баяндамашы, мектеп психологі А. Әбдіғаппаров

2. Халықаралық TIMSS, PISA зерттеулері бойынша дайындық жұмыстары

## Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологі А. Әбдіғаппаров баяндама жасады. Атақты ғұлама ойшыл Әл Фараби: „Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі", — деген. Демек, бүгінгі таңда педагогика саласындағы өзекті мәселелердің бірі — жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту болып табылады. Оқу-тәрбие процесін жаңарту мен қатар, оны жүзеге асыратын әрбір ұстаздың көзқарасын, оқушымен қарым-қатынасын түбегейлі өзгерту,

әр баланың жеке және жас ерекшелігіне қарай дербес дамуын қамтамасыз ету, оларға білімнің өз мүддесі үшін қажеттігін сезіндіру, құзырлығын айқындау міндеттері тұр.

Жеткіншек жасындағы балаларды көбінесе „ауысу жастары" деп атайды. Олардың ерекшеліктерден айырмашылығы: биологиялық дамуында болады. Жеткіншек өмірінде қандай қиындықтар болуы мүмкін?

1. Отбасындағы қиындықтар;
2. Оқудағы қиындықтар;
3. достарымен қарым-қатынастағы қиынды.
4. қоршаған ортамен қарым-қатынас жасаудағы қиындықтар.
5. мұғаліммен қарым-қатынастағы қиынд.
6. Махаббат.

Балаға кез-келген істе қиындық кездесетінін, сол қиындыққа қарсы тұрып, оны жеңе білуге болатынын үнемі айтып отыруымыз қажет.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Конкаков өз сөзінде мұғалімдерге елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға зор мүмкіндіктер бар.

Функционалдық сауаттылық - білім мен адамның көпжоспарлы іс-әрекеті арасындағы біріккен, жеке тұлғалық

қалыптасуының көрсеткіші. Оқушылардың білім сапасына ауқымды бағалау мен талдау жүргізетін халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысу нәтижелерін негізге ала отырып қарастырылған. Бұл жерде оқушылардың салыстырмалы мағлұмат алу мақсатында математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын TIMSS қарастырады. PISA халықаралық зерттеуі 15 жастағы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалайтын Адам дамуының индексі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап талқылай келе, жиналыс төмендегідей шешімге келді.

## Қаулы:

1. Әр баланың көңіл күйінің, эмоционалдық күйзелісінің себебін анықтап, әрбір реніші не, көңілі толмаған істеріне мұқият болып жүру сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне жүктелсін.
2. Халықаралық TIMSS, PISA зерттеулері бойынша дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: М. Кадырбаева

Хатшысы: Ж. Байтемірова

„№14 негізгі орта білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Директор жанындағы кеңес

# Хаттама №

06.02.2023ж.                    Қатысқаны-

## Күн тәртібінде:

1. Бастауыш сынып апталығының өтілуі жайлы, МДОТЖЖО Н. Конкаков

2. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін құру туралы
МДОТЖЖО, Н. Конкаков

3. МАДт мен 1-сынып оқушыларын қосымша қысқы каникулға жіберу туралы
МДОТЖЖО, Н. Конкаков.

4. Әр түрлі мәселелер

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу жөніндегі орынбасары Н. Конкаков 30.01.-06.02 аралығында „Білім негізі – бастауышта" тақырыбында өткізілген апталықтың қорытындысымен таныстырды. Апталық кезінде өткізілген ашық сабақтар мен іс-шаралардың жоспары құрылып, мектеп директорымен

бекітілгенін, апталық жоғары деңгейде өткізілгенін, мұғалімдердің дайындықтары, оқушылардың қызығушылықпен белсене қатысқаны, әр мұғалім өзіне берілген жоспар негізінде жұмыс жүргізгені жайлы, өткізілген ашық сабақтардың арасынан 4ә сынып жетекшісі А. Мадибекова-ның қазақ тілі пәнінен „Жалғаудың түрлері" тақырыбында өткен сабағын „Үздік сабақ" атауымен аталғанын, сабақ жоспары, оқу мақсаты, оқушылардың жас ерекшелігімен, деңгейіне сәйкес құрылғанын, оқушылардың сабаққа белсене қатысқаны жайлы айтып өтті.

„Білім негізі - бастауышта" тақырыбында өткізілген апталықта өзінің шығармашылығы мен жаңашыл ізденімпаз, жан-жақтылығымен Э. Утепова, А. Мадибекова, Г. Абдукакирова(лар) және белсене қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталғаны жайлы айтып өтті.

„Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (құру)

құрамы құрылғанын, құрам мүшелері:
1) Психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің төрағасы — Н. Конканов.
2) Педагог - логопед — А. Жунисова
3) Педагог - психолог - А. Әбдіғаппаров
4) Әлеуметтік педагог - Г. Досанова.
Мектептік психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің атқаратын жұмыстары:
1) Психологиялық - педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастыру және бақылау.
2) ПП Қ қызметінің жұмыс жоспарын әзірлеу.
3) Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық - педагогикалық қолдаудың және бағдарламаларын жасауға, қолдап отырудың нәтижелерін, даму динамикасын, оқушының жетістіктерін талқылауға қатысу.
„Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес мектебіміздің МАДт мен 1-сынып оқушыларын 06.02 - 12.02.2023ж аралығында қосымша каникулға жіберілген жайлы айтып, өз сөзін аяқтады.
Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегіне мектеп директоры М. Кадырбаева шықты, ал математика пәні мұғалімі Е. Жақсыбаевтың 15 ақпандағы математика пәнінен „Қысқаша көбейту формулалары

қолданып, өрнектеуді түрлендіру" тақырыбында өткен сабақты жайлы айтты.
Ол мұғалім сабағында оқу мақсатын дұрыс қоя білгені, сабақтың жақсы құрылғаны, оқушылармен жақсы қарым-қатынас орната алғандығы, мұғалім өзін жақсы ұсталауы, қолданған әдіс-тәсілдері оқушылардың жас ерекшелігіне сай екендігі, сабақта жүйелілік бар, мұғалім сабақ мақсатына жетті. Оқушыларды топқа бөліп өткенде одан да қызықты әрі жақсы болар еді деген ұсыныс айтқаны жайлы айтып, сөзін аяқтады. Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді.

Қаулы:

1. „Білім негізі - бастауышта" тақырыбында өткізілген бастауыш сынып апталығы өз дәрежесінде өткізілді деп танылсын;

2. Психологиялық - педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастыру, бақылау. ПП қызметінің жұмыс жоспарын әзірлеу. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық - педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын жасау, даму динамикасын, оқушы жетістіктерін талдау, бақылау МДОТЖЖО,
Н. Конкаповқа жүктелсін.

3. „Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес МАДт мен 1-сынып оқушылары 06.02 - 12.02. 2023ж. аралығында қосымша каникулға шығарылсын.

Мектеп директоры: [signature] Н. Нысдырбаева
Хатшысы: [signature] Ж. Байтемирова

„№14 негізгі орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Директор жанындағы кеңес

Хаттама

03.03. 2023ж. Қатысқаны - 30

Күн тәртібінде:

1. „Online Мектеп" электронды журналының сапалы, сауатты жүргізілуі туралы, баяндамашы МДОТІЖЖО, Н. Көнпаков.

2. 4-9 сынып оқушыларынан алынған ББЖМ сынақ тесттерінің нәтижелері туралы, баяндамашылар сынып жетекшілері Ж. Джоланов, А. Мадибекова, А. Мыңтыбаев

3. Наурыз мерекесінің өткізілуі туралы, МДОТІЖЖО, Ж. Абдуолиев.

4. Әр түрлі мәселелер

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Н. Конкапов баяндама жасады. Ол „Online Мектеп" электронды сынып журналдарының уақтылы әрі сапалы толтырылуын, әр апта соңында, апталық статистика жүргізіп, оны мұғалімдер назарына ұсынып отыратынын ескертті. „Онлайн мектеп" платформасының тиімділігі мен сабаққа қолданылатын қосымша ресурстардың көп екендігін айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша, 9-сынып жетекшісі Ж. Джоланов сөйледі. Ол өз сөзінде 9-сынып оқушыларынан алынып жатқан тест нәтижелерімен таныстырып өтті. Қазақ тілі, биология, география, математика пәндерінен алынып жатқан тест қорытындыларын салыстырып, сараптама жасап өтті. Сонымен бірге тестке байланысты өткізіліп жүрген қосымша сабақтар мен дайындық жұмыстарының жүргізілуі туралы айтты. Математика пәні мұғалімі Ж. Джоланов өз пәнінен қосымша жұмыстарды көбірек жүргізуі тиіс екенін

айтты.

4-сынып жетекшілері А. Мадибекова мен А. Мықтыбаевада осы күнге дейінгі тест нәтижелерімен таныстырып өтті.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Абдуалиев баяндама жасады. Ол Ұлыстың Ұлы Күні - Наурыз мерекесіне арналған „Қош келдің - Әз Наурыз!" атты онкүндік іс-шаралардың өтілу жоспарымен таныстырды. Осы іс-шаралардың жақсы, уақтылы өткізілуіне жауапты мұғалімдер белсенділік танытып, жауапкершілікпен қарауды тапсырды.

Келесі әр түрлі мәселелер бойынша шаруашылық меңгерушісі Матқаримова Гулизо, көктем мезгілінің келуіне байланысты көгалдандыру жұмыстары мен тазалық жұмыстарын жүргізу туралы айтты. Мектеп аумағы мен жан-жағын тазалап, көшеттер отырғызып, гүл егу жұмыстарын жүргізу жайлы әңгімеледі.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін тыңдап, талқылап кеңес жиналысы төмендегідей шешімге келді.

## Қаулы:

1. „Оңайлы мектеп" электронды журналы-

ның уақытылы әрі сапалы толтырылуын бақылау мақсатында апта сайын апталық статистика алып, оны мұғалімдердің назарына ұсыну МДОТІЖЖО, Н. Қонқабаға жүктелсін;

2. ББЖМ сынақтары алдында оқушылардан өз уақытында тест алынып, оған талдау жұмыстарын жүргізу пән мұғалімдері мен сынып жетекшісіне жүберілсін;

3. Ұлыстың Ұлы күні — Наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің — Әз Наурыз» атты іс-шараның талапқа сай өтілуін, оның тиянақты жүргізілуін қадағалау МДОТІЖЖО, Ж. Абдуашевке жүктелсін;

4. Көктем мезгілінің келуіне байланысты жан-жақты тазалық жұмыстары мен көгалдандыру жұмыстарын тиянақты жүргізу, оны бақылауға алып қадағалау шаруашылық меңгерушісі Г. Матқаримоваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: М. Қыдырбаева

Хатшысы: Ж. Байтемірова

„№14 негізгі орта білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Директор жанындағы кеңес

# Хаттама

04. 2023 ж    қатысқаны - 30

Күн тәртібінде:

1. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тақырыбында „Бала еңбегін қанауға қарсы - 12 күн". 2022 ж Балалар жылына орай.
Баяндамашы: А. Әбдіғаппаров.

2. 23-сәуір дүниежүзілік кітаптар күні. Кітапханашы А. Есенбекова

3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психологі А. Әбдіғаппаров баяндама жасады.
Баяндамашы А. Әбдіғаппаров №14 негізгі орта білім беретін мектебінде „Балалар еңбегін қанауға қарсы - 12 күн" тақырыбында іс-шаралар жоспарланып бекітілді. Шараның басты мақсаты қоғамның назарын, соның ішінде ересектердің,

балалардың және олардың ата-аналарын балалар еңбегінің ең нашар түрлерін қолданудың алдын алу мәселелеріне назар аудару, ауыр жұмыс істеу баланың денсаулығына зиян екендігін және әрбір бала - ешбір қиындықсыз, жарқын өмір сүруге тиіс екендігін ұғындыру, жазғы демалыс кезеңіндегі оқушылардың ауыр жұмысқа тартылмауының соның ішінде (күндік жұмысқа) шықпауының алдын алу туралы айтып өтті.

Баяндамашы А. Әбдіғаппаров басты мақсат бала еңбегін қанауға, зорлық - зомбылыққа қарсы жол бермеу. Әрбір баланың ешбір қиындықсыз жарқын өмір сүруіне ата-анасымен бірлесе отырып, жағдай жасау керектігін айтып өтті. Мектебімізде осы тақырып аясында оқушылармен түрлі іс-шаралар өткізіп жатқандығын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша мектептің кітапханашысы А. Есенбекова баяндама жасады. Ол өз сөзінде

„23-сәуір – дүниежүзілік кітаптар күні" екенін айтып өтті.
Ел ертеңі – жас ұрпақ. Кітап адам баласы ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал, білім мен тәрбие көзі. Ол адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. екенін айтып өтті. Мектебімізде „Дүниежүзілік кітаптар күніне орай кітаптар көрмесі, әдеби кештер, мәнерлеп оқу, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып өткізілді. Оқушылар жүлделі орындар мен мақтау қағаздарымен марапатталды.
Үшінші әр түрлі мәселелер бойынша мектеп директоры баяндама жасады. Мектепте өтілген жағдайда әр бір іс-шара баланың құқықтары мен жайлы білім алуына толық жағдай жасау керектігін, әр бір іс-шараға оқушыларды қызықтырып қатыстыру керектігін айтып, ескертіп өтті. Мектеп директоры М. Хыдырбаева жоғарыда айтылғандарды тыңдай келе төмендегідей шешімге келді:

„Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қолдайтынын жеткізді.

Қаулы:

1. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тақырыбында ата-аналар мен бірлесе отырып, балалардың құқықтарын оқытуды (үйретуді) ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.

2. Ата-аналар мен оқушыларға психологиялық қолдау көрсету педагог-психолог А. Әбдіғаппаровқа жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: М. Жадырбаев

Хатшысы: Ж. Байтемирова

„№14 негізгі орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Директор жанындағы кеңес.

Хаттама

05. 2023 ж. қатысқаны – 29

## Күн тәртібінде.

1. Оқу жылының аяқталуы.
„Online Мектеп" электронды журналының сапалы, сауатты толтырылуы, БЖБ, ТЖБ бағалауларының уақтылы қойылуы туралы МДОТЖЖО Н. Қонсаков

2. 2022-2023 оқу жылын қорытындылау туралы. 01 маусым күні Халықаралық балаларды қорғау күнімен бірге келуі. Соңғы қоңырау салтанатты жиыны туралы МДТЖЖО Ж. Абдуалиев

3. Оқушылардың мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру туралы.

## Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша МДОТЖЖО Н. Қонсаков баяндама жасады. Ол өз сөзінде биылғы 2022-2023 оқу жылының ерекше түрде аяқталатын айтып өтті. Оқу жылының аяқталуы 25-мамырда емес, яғни 31-мамырда аяқталатын ескертіп өтті. Оқу жылының аяқталуына байланысты „Online Мектеп" электронды журналының сапалы толтырылуы барлық негізгі пәндерден БЖБ, ТЖБ

бақылауларының уақтылы әрі алынып толтырылуы қажет екенін айтып өтті. Ол „Online Мектеп" электронды сынып жұмыстарының уақтылы әрі сапалы толтырылуын әр апта соңында апталық статистика жүргізіп, оны мұғалімдер назарына ұсынылып отыратынын ескертті. Оқу жылының аяқталуына байланысты барлық пән мұғалімдері жылдық қорытындылау керектігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Абдуалиев баяндама жасады. Оқу жылының аяқталуы 01 маусым күні „Халықаралық балаларды қорғау күнімен" тұспа-тұс келуін, „Соңғы қоңырау" салтанатты жиынын салтанатты түрде атап өту керектігін айтты. Ал оқу жылының процесі 2023 жылдың 31 мамыр күні толық сабақтар аяқталып, тәрбие сағаттары мен сынып сағаттары өткізіліп аяқталуы керектігін айтып өтті.

Оқушылармен өткізілген тәрбие сағаттары, іс-шараларды әлеуметтік желілер мен БАҚ-да уақытылы жариялап отыруы керек екенін айтып өтті. Ж. Абдуалиев „Халықаралық балаларды қорғау күні" қарсаңында 29-30 мамыр күндері мектеп парламентері ж/е оқушыларымен „Баланың шаң" әлемі қандай ғажап" атты 2 күндік флешмобын ұйымдастырып өткізетіндігін хабарлады. 1 маусым күні „Сыңғырла соңғы қоңырау" атты салтанатты жиынның болатынын айтып өтті, және соңғы қоңырау уақыты сағ $9^{00}$-де басталып $9^{45}$-те аяқталатынын ескертіп өтті.
Соңғы қоңырау рәсімінен соң оқушыларды 6 сынып жетекшісі Ж. Джоланов пен бірге барлық пән мұғалімдері үйлеріне апарып ата-анасынан қол хат әкеліп өткізуді мұғалімдерге дайындады.
Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры М. Қыдырбаева баяндама жасады. Ол өз сөзінде оқушылардың мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагері болатынын айтты.

Жазғы сауықтыру лагеріне бастауыш сынып мұғалімдері Үсентаева Жанар мен Жарылқасынова Ләззата және медбике Қалымбетова Гүлайым апайға тапсыратынын айтып өтті. Жазғы сауықтыру лагері 1 ай көлемінде болатынын оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету керек екенін айтып өтті.

Жоғарыда айтылғандарды тыңдап талқылай келе жиналыс төмендегідей шешімге келді.

Қаулы:

1. „On line Mектеп" журналы уақтылы сапалы толтырылуын пән мұғалімдеріне жүктелсін.

2. 1 маусым „Халықаралық балаларды қорғау күні" мен „Соңғы қоңырау" салтанатты жиынын басқару мен басшылықта алу МДТЖЖО Ж. Адуашев пен аға тәлімгер Г. Алдабергенова және сынып жетекшісі Ж. Рисланова жүктелсін.

3. Мектеп жанындағы „жазғы сауықтыру лагерін" ұйымдастыру мәселесін Ж. Үсентаева мен Л. Жарылқасынова және медбике Г. Ғалымбетоваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: М. Жидорбаева

Хатшысы: Ж. Байтемирова